# Ұстаз – жас ұпақтың рухани сәулеткері

**Әлемді мейірімділігімен тербеткен ана болса, білім бесгін тербеткен ұлы жан – ол ұстаз. Сондай биік тұлғалардың бірі, құрметті ұстаз, біздің сүйікті мұғаліміміз – Роза Карбозқызы.**



Ол – үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен мақсаттарының орындалуына қол ұшын беретін үлгілі ұстаз. Білім беруде маман ретінде өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық қасиеті мол, педагогикалық шеберлікпен оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген ұлағатты ұстаз. Сол кісінің арқасында шәкірттері биік шыңдардан көрініп жүр.

Тоқтала кетсек, 7 сыныптан бастап шығармашылық пен білімге тәрбиелеп келе жатқан оқушылары: Дай-

ласында өткен, облыстық «Ы. Алтынсариннің 150 жылдығына» байланысты өткізілген ғылыми жобалар байқауында III орын алды. Хиваз Бейсенбекова қалалық, облыстық ғылыми жобалар сайысында жоғары нәтижелер көрсетіп, республикалық деңгейде «Ерекше жетістік» (4-орын) жүлдегері болса, осы бағытта Елдос Мұқатай, Назым Файзулла тарихқа тұңып

шыққан елге пайдасы тиген құрметті азаматтар туралы жоба қорғап, облыстық, аймақтық деңгейлерде мектеп пен ұстаз мақтанышына айналып жүр. Тек шығармашылық жағынан емес, білім жағынан да шәкірттерінің жетістігі көп: Наргиз Сейтмағанбетова Қазақстан тарихы пәні олимпиадасында бірнеше рет қалалық деңгейде жоғары нәтижеге жетіп, об-

сты. Шәкірттерінің мұндай ауыз толтырып айтарлық жетістіктерін тізбектей беруге болады...

Қорыта келе, сүйікті ұстазымызды төл мерекесімен құттықтай отырып, ұзақ өмір, шығармашылық табыс, аспаны ашық, денсаулығы мықты болсын деп тілейміз.

**Назым ФАЙЗУЛЛА,**
**Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 11 «А»**